**«Күншуақ» кіші тобының ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**Қараша айы 2020жыл**
**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**
**Мақсаты:**Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер туралы білімдерін кеңейту.

| **Білім беру саласы** | **Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру - 3** | **Коммуникация**<br>**Сөйлеуді дамыту - 0,5**<br>**Көркем әдебиет -0,5** | **Таным**<br>**Сенсорика - 0,5**<br>**Құрастыру - 0,5**<br>**Жаратылыстану - 1** | **Шығармашылық**<br>**Сурет салу - 1**<br>**Жапсыру - 0,25**<br>**Мүсіндеу - 0,25**<br>**Музыка - 1,5** | **Әлеумет** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жасы** | **2 жас** | | | | |
| **Оқу мақсаты Үлгілік оқу бағдарламасы** | Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып дене дағдылары мен қимыл қозғалыс түрлерін қалыптастырады. | Тілдік қарым-қатынас дағдыларын, сөздік қорларын, әдеби шығармаға деген қызығушылықтарын арттырады. | Балалардың танымдық қабілеттері дамып, ой-өрістері кеңінен қалыптасты. | Шығармашылық қабілеттері дамып, эстетикалық қабылдаулары жақсы қалыптаса түсті. | |
| **І АПТА** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Қақпаға доп тигізу<br>**Мақсаты:**Қол және аяқ қозғалысын үйлестіре отырып, тізені жоғары көтере жүре білді. шектеулі алаң бойынша жүру және жүгіру кезінде тұрақты тепе-теңдікті сақтай білді Ені 50 см, 1,5 м қашықтықтағы қақпа арқылы доп тебе білді | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: Бұл мен! (суреттерді көрсете отырып, әңгімелесу)<br>Мақсаты: Тәрбиешінің көрсеткен суреттері арқылы (Кім? Не? Не істейді?) сұрақтарға толық жауап бере біледі. | **Сенсорика**<br>Тақырыбы: Мен сияқты жаса<br>Мақсаты: 3 түсті, көлемі әр түрлі текшелерден пирамида құрастыра алады. түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және көрсетеді.<br><br>**Жаратылыстану** | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: Дөңгелек сызықтар жүргізу арқылы моншақ суретін салуды біледі.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Тақырыбы: Доптар<br>Мақсаты: Ермексазды домалақтау әдісі арқылы доп жасай алады.<br>**Музыка**<br>**«Мен ауылға барамын»**<br>1.Әнді күш түсірмей, ересектердің ән айтуына | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы:** Бір орыннан ұзындыққа секіру<br>**Мақсаты:**<br>Бір орыннан ұзындыққа секіру арқылы аяқпен қатты серпін жасады.Тізені жоғары көтере отырып, жүре біледі бүкіл залға оңай және ырғақты жүгіре біледі<br><br>**Тақырыбы:** Допты кең ашылған саусақтармен ұстай білу<br>**Мақсаты:**Педагогке допты лақтыруға және қайта қағып алу арқылы допты кең ашылған саусақтармен ұстай біледі.бір орыннан ұзындыққа(40 см) секіре жаттығу жасау, аяқпен қол қозғалысын үйлестіре,серпіле екпін жасай,жартылай бүгілген аяқпен жеңіл қона біледі. | | Тақырыбы: Мен өзім туралы не білемін?<br>Мақсаты: Өз дене мүшелерінің (бас, мойын,қол, аяқ, көз, құлақ) атқаратын қызметін біледі. Балалар адамның дене мүшелерін атай алады (басы, қолы, аяғы, көзі, мұрны, аузы, құлағы және т.б. бар). | келтіріп орындайды. Музыканың мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып жасайды.<br><br>2. Музыкалық шығарманың сипатын ажыратады. Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып жұптасып жүруді біледі. | |
| **2 АПТА** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Үш доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп<br>**Мақсаты:**Орындықтан секіру кезінде табандарды июге және жартылай бүгілген | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: Жемістер жыры (өлең) Рза Кунақова<br>Мақсаты: Жемістердің пайдасы туралы айтып, құрамындағы дәрумендері туралы ажыратады. | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: Тостаған<br>Мақсаты: Үш бөліктен тұратын тостағанның суретін қағаздан кеңістікте дұрыс орналастыра отырып балалар құрастыра алады. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: Қызыл алма<br>Мақсаты: Тұйықталған дөңгелек сызықты және түзу сызық жүргізу арқылы парақ бетіне бейнені орналастыра алады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтармен қону арқылы шеңберге тұрып,өз іс-әрекеттерін басқа балалардың іс-қимылдарымен үйлестіру арқылы үш доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп жаттықты.үш доғаның астында жүйелі қимылдарды орындады.<br><br>**Тақырыбы:** Орындықтан секіргеннен кейін тепе-теңдікті сақтай білу<br>**Мақсаты:**Допты жоғары лақтыруға және саусақтарын ашып алақанмен қағып алу арқылы орындықтан секіргеннен кейін тепе-теңдікті сақтай білуге, басы мен кеудесін тіке ұстап алға карауға, педагогтың нұсқауларын дұрыс орындай біледі.<br><br>**Тақырыбы:** Бөрене арқылы еңбектеп өту<br>**Мақсаты:**Бөрене арқылы еңбектеп өту арқылы қимыл үйлесімділігін, сап-тізбекте өз орнын таба біледі. Кеңістікте бағдарлауды, назар аударды. | Табиғатты қорғай алады<br>Өлеңді тыңдай біледі, қайталап айта алады.<br>Жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атай алады. | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: Жемістер. Алма<br>Мақсаты: Балалар жемістердің түрлерімен танысып, оларды бір-бірінен түсі, пішіні, дәмі арқылы ажыратып біледі. Балалар жемістердің түрлерін атай алады және алманың түсін, дәмін ажыратып айта біледі. | **Жапсыру**<br>Тақырыбы: Ыдыстағы көкөніс<br>Мақсаты: Дөңгелектің ішіне кішкентай көлемді сопақша пішіндерді орналастыра біледі.Көкөніс түрлерін ажырата алады.<br>**Музыка**<br>**«Сұр қоян»**<br>1. Музыканың басталу сәтінен аяқталғанға дейінгі қимылдарын орындайды (қоян секіреді). Әннің бөліктерін айта алады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3 АПТА** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Сатыдан аттау<br>**Мақсаты:**Тепе-теңдікті сақтай отырып,дене бітімін ұстай,тізесін жоғары көтеріп,сатыдан аттау арқылы еңбектеу, қол және аяқ қимылдарын үйлестірді.<br>**Тақырыбы:**<br>**Мақсаты:**Гимнастикалық орындық үстінде жүру арқылы тепе-теңдікті,дене сымбатын сақтай біледі еденге тігінен орналасқан шеңбер ішінен қол және аяқ қимылдарын үйлестіре отырып,еңбектеп өтті<br><br>**Тақырыбы:**Жүру мен жүгіруді алмастыру<br>**Мақсаты:**Алаңның бір жағынан екінші жағына жеңіл және ырғақты жүгіруге, өзінің жүгіруін басқа балалардың жүгіруімен үйлестіреді. Заттар арқылы аттаған кезде тепе-теңдікті сақтау арқылы көлбеу тақтай бойымен еңбектеп қол және аяқ қимылдарын үйлестіреді | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: Қуыршақты шомылдырайық<br>Мақсаты: Балалар қуыршақ пен ойнай отырып сөйлеуге, дене мүшелерін дұрыс ажыратып атай алады. | **Сенсорика**<br>Тақырыбы: Қорапшаларға орналастыр<br>Мақсаты: 2 әр түрлі пішінді (тік төртбұрыш, үш бұрыш) және екі әр түрлі көлемді заттарды таңдай біледі және топтастыра алады.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: Өсімдіктерге күтім жасау<br>Мақсаты: Балалар өсімдікке қалай күтім жасау керек тігін білетін болады. Бұл үшін олар өсімдіктерге күтім жасаудың әртүрлі әдістерімен, соған ар налған арнайы құралдармен танысады. Балалар бөлме өсімдіктеріне қалай күтім жасау керектігін үйренеді. Өсімдіктерге күтім жасай біледі, тәрбиешінің суару тәсіліне назар аударып қайталай біледі. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: Торғайларға жем шашамыз<br>Мақсаты: Фломастер, қағазбен жұмыс істеу дағдылары қалыптасып, қағаз бетіне нүктелерді түсіре біледі.<br>**Музыка**<br>**« Мысық пен торғай».**<br>1.Қимыл-қозғалысқа арналған музыкалы ойынды ересектердің көмегімен ойнайды.<br>Әннің сөзіне байланысты қимыл әрекеттерді ән айтып тұрып орындай біледі.<br><br>2.Музыкалық шығарманың мазмұнын түсініп, көңіл күйін білдіреді. Әнді қимыл қозғалыспен орындайды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **4 АПТА** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Шеңберге секіру<br>**Мақсаты:**Екі аяқпен шеңберге секіруге және одан секіру арқылы алаңның бір жағынан екінші аяқпен жеңіл және ырғақты жүгіре біледі. Басқа балалармен бірге қозғалыстарды орындай біледі<br>**Тақырыбы:** Негізгі қозғалыстар<br>**Мақсаты:**саптізбекте бір-бірден жүру арқылы музыка ырғағына сәйкес,саптізбекте нақты және ырғақты қозғала отырып жүру еденге (қолмен) қойылған саты арқылы аттап жаттығу жасап, тізені жоғары және аяқ ұшын көтеріп қозғалу қозғалды.<br>**Тақырыбы:** Ырғақты қозғалыстар<br>**Мақсаты:**Шеңбер бойымен сапқа тұруға, сапқа тұрғызуда өз орнын тез табуға, музыкамен бірге, ырғақты қозғала отырып, музыкалық шығарманың әрбір бөлігінің басталуы мен аяқталуын атап өтті | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: Шалқан (орыс халық ертегісі)<br>Саусақ театры арқылы сахналау.<br>Мақсаты: Шалқан ертегісін сахналау арқылы балалар ақыл-ойын,<br>қиялын ажыратады. үй жануарларының дыбысын ажырата біледі.<br>Балалар әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын қайталай алады. | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: Үй және қақпа<br>Мақсаты: Балалар құрылыс блоктарынан үй құрастырып, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыра алады.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: Табиғаттағы еңбек<br>Мақсаты: Ауладағы ересектердің еңбегін бағалай біледі. Еңбек және жекелеген еңбек әрекеттері туралы түсініктерін айта алады. Ауладағы ересектердің еңбегін айта алады (Суреттер арқылы) | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: Шағылысқан күн сәулесі (дөңгелек үлгісі)<br>Мақсаты: Қарындашпен түзу сызықтар арқылы күн сәулесін салу әдісін біледі.<br><br>**Музыка**<br>**«Төлдер»**<br>Әнді асықпай орындайды. Үй жануарларының қимылын, қалай дыбыстауын көрсете біледі. Шығарманы тыңдай біледі. | |